

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Бала өміріндегі ең басты әрекет

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.11.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/169890/

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің» Балдырған бөбекжайы КМҚК Әдіскері: Тақыбаева Гүлім Дүйсенбайқызы

Бала өміріндегі ең басты әрекет

Мектеп жасына дейінгі бала өмірінде ойынның қаншалықты маңызды екендігін атап өтпес бұрын, ойынның не екендігіне тоқталайық.

Ойын дегеніміз - халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі - ойын әрекеті. Бала саналы, адамгершілігі зор, сыпайы, жан-жақты даму үшін, тілін, сөздік қорларын дамыту үшін, және де айнала дағы өмірдің құбылысын танып, білу үшін пайдаланудың маңызы зор. Ойын үстінде баланың қасиеттерін қабілетін, белсенділігін байқаймыз. Аса көрнекті А.С. Макаренко былай деген екен: Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады. Ойын-балалар үшін нағыз өмір. Ойын-балалар үшін айналы танып білу тәсілі. Осы ойын арқылы баланы бақылап зерттейміз. Бала ойын ойнау арқылы өседі, дамиды.

Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Әрине, ойын адамның дамуына, қалыптасуына әртүрлі әсер береді. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. дегенмен де ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамның рахат және қанағат сезіміне бөлейтін іс-әрекет. Балалар тұрмақ, үлкен адамдар да әлі күнге дейін ойнайды, әрине ойынның түрлері өте көп. Балалардың ойынына талдау жасайтын болсақ, оның өзгеріп отыруы балалардың жас және дара ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, сюжеттік рөлді, қимыл-қозғалыс, драматизациялық, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындардың түрлері бар. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімдік,

тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Оның әрқайсысына жеке тоқталатын болсам, сюжеттік рөлді ойындар ойынның алғашқы танымы десек, артық болмас.

Балалар үн- түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде ойыншықтарымен сөйлесіп жүреді. Ойынға қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі, өзі мен анасы үшін, науқас кісі мен дәрігер үшін сөйлеседі. Сөз нақ бір ойын әрекетін сүйемелдеуші болып табылады, бейнені, оған баланың өз қатынасын толығырақ ашады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша өз тәжірибемде осы 3 ойынды таңдап, жүргіздім. Бұл ойындар баланың жас ерекшелігіне және олардың сыни ойлауына бағытталған ойындар

Тәрбиешінің жетекшілігімен ойналатын ойын. Тәрбиеші ойынға қажетті материалдармен балаларды қамтамасыз етіп, ойынды бастап береді не/се баланы бағдарлау үшін ойынға қосылады.

Құрылымдалған ойын. Мектеп жасына дейінгі балаға белгілі бір дағдыларды үйретуге және дамытуға бағытталған ойын түрінде ұйымдастырылған іс-шара. құрылымдалған ойынға әртүрлі қимыл қозғалыс ойындары, жаттығулар, секіру, өрмелеу, су, құм, сазбалшық, арт-терапия ойындарын кіргізуге болады.

Еркін ойын. Нақты шекарасы мен ережесі жоқ, бала қалағаның жасайтын еркін ойын. Бұл ойынның маңыздылығы қарым-қатынасын дамытумен байланысты. Еркін ойын-балаларды талқылау, қақтығыстардың алдын алу. Ал осы үш ойынның басқа ойындарға қарағанда ерекшелігі мен тиімділігіне тоқталсам балалардың жас ерекшеліктеріне мән беріліп, мақсаты мен мағынасы жақсы деп айтуға болады.

Ойын — маңызды іс. Егер біз ойынды тек көңіл көтеру үшін немесе дем алу ретінде пайдалансақ, одан ешқандай пайда болмайды. Қандай ойын болса да, ол негізгі мақсатқа жұмсалуды керек, өйткені ойын баланы дамытады. Күшті жақтары тәрбиеші жетекшілігімен ойыны, менің көрсеткенімді қайталап ойындар ойнағанда жақсы болды. Өйткені бірінші кіші топ болғандықтан, құрылымдалған ойында өз дәрежесінде өтті деп айтуға болады. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Қандай ойын болса да, өз ойым ойынның балаға еш қауіп қатері жоқ деп ойлаймын. Мен үшін ойынның 3 түрі де тиімді, өзіме ыңғайлы болды деп ойлаймын. Алдағы уақытта ұйымдасқан оқу қызметі барысында осы 3 ойынды жоспарыма кіргізіп, осымен жұмыс жүргізіп, болашақта саналы ұрпақ, білім іскерлік және дағдымен қаруланған жаңа заман талабына сай болашақ ұрпақты тәрбиелеймін деген үміттемін.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.